The background features a large blue silhouette of a pair of scales of justice, with two pans hanging from a central beam. Below the scales, there are several interlocking gears of varying sizes, also in blue. The text is overlaid on this graphic.

**Стандарттау бойынша  
нормативтік-құқықтық  
құжаттар мен олардың  
түрлері**

**Орындаған: Алпамыш Темірлан  
17-ПСК-1**

# **Жоспары**

- 1) *Стандарттау жалпы мәлімет*
- 2) *Нормативтік-құқықтық құжаттар*
- 3) *Нормативтік құжаттар*
- 4) *Стандарттаудың негізгі түрлері*

# Стандарттау жалпы мәлімет

- **Стандарттау, үлгіқалыптау** (ағылш. standardization) — есептеуіш техниканың аппараттық және программалық құралдарын ерекшелігі бойынша өндіру мен пайдалану тұрғысында қабылданған келісім; стандарттарды, нормалар мен ережелерді және т.б. тағайындау және қолдану; қазіргі уақытта қолданылатын немесе потенциалды мақсаттарға байланысты жаппай және дүркін-дүркін қолдануға арналған ережелерді іске асыру арқылы белгілі бір салада тәртіпке салудың оптималды дәрежесіне жету үшін бағытталған іс-әрекет.



# Нормативтік құжаттар

- Қауіпсіздік талаптарын, ережелерді, жалпы қағидаларды, қызметтің жекелеген түрлеріне қатысты сипаттамаларды қамтитын құжаттар.

# **Стандарт - нормативтік құжат**


- Стандарт - нормативтік құжат, ол белгілі бір саланы оптималды дәрежеде ретке келтіруге бағытталған, уәкілетті ұйыммен бекітілген келісім бойынша дайындалған нормативтік құжат.**



# Стандарттау бойынша нормативтік-құқықтық құжаттар

- Мұнда адам өмірі мен денсаулығы үшін өнімнің, үрдістің және қызметтің қауіпсіздігіне мемлекеттің міндетті талаптары көрсетілген.

# Атқаратын қызметтері



- -өнеркәсіптік және өндірістік қауіпсіздік;
- -ғимараттарды, құрылыстарды және олардың территорияларына жататын нысандарды пайдаланудағы қауіпсіздік;
- -өрт қауіпсіздігі;
- -биологиялық қауіпсіздік;
- - электромагнитті сыйымдылық;
- - экологиялық қауіпсіздік;
- - ядролық және радиациялық қауіпсіздік;
- - химиялық қауіпсіздік;
- - электрлік қауіпсіздік;
- - ақпараттық қауіпсіздік;
- - өлшемдердің бірыңғайлығы;
- - азық-түлік тағамдарының қауіпсіздігі;
- - балалар тағамының қауіпсіздігі;
- - механикалық қауіпсіздік бағыттары бойынша жүргізіледі.

# Стандарттардың түрлері

- *Негізгі стандарт, терминологиялық, бақылау әдістеріне, өнімге, үрдіске, қызметке, әдістемелік жағдайларға, суреттейтін жағдайларға арналып, бөліне береді.*



# **Негізге алынатын стандарт**

- *Белгілі-бір салаға арналған жалпы және жетекшілік жағдайларды қамтитын нормативтік құжат. Әдетте, ол стандарт ретінде немесе әдістемелік құжат ретінде қолданылады. Бұл стандарт негізінде басқа да стандарттар дайындалуы мүмкін. Негізге алынатын стандарт ретінде: Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесінің «ҚР СТ 1.0-2006. Негізгі ережелер» стандартын келтіруге болады.*

# Терминологиялық стандарт

Терминдердің анықтамасы мен оларды қолдану мысалдарын қамтитын нормативтік құжат.

# **Өнімнің, қызметтің, үрдістің бақылау әдістеріне арналған стандарт**

- *Өнімге, қызметке, үрдіске қатысты әрекеттерді (мысалы, тексеру үшін үлгілерді таңдау) және әртүрлі бақылау әдістерінің процедураларын, ережелерін, әдістерін орнататын нормативтік құжат.*



# Өнімге арналған стандарт

- *Өнімнің тағайындалуына сәйкестілігін қамтамасыз ететін өнім талаптарын қамтитын нормативтік құжат. Бұл стандарт толық немесе толық емес болуы мүмкін. Өнімге арналған толық стандарт сынауды жүргізудің реттілігін, сынау үшін үлгілерді таңдау ережелерін және т.с.с мәліметтерді бекітеді. Өнімге арналған толық емес стандарт өнім талаптарының бөлігін қамтиды.*

*ҚР “Техникалық реттеу туралы” заңымен  
бекітілген нормативтік құжаттар*

- 1. ҚР СТ – Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары;
- 2. Техникалық – экономикалық ақпараттардың мемлекеттік жіктегіштері - ТЭА МЖ;
- 3. ТМД елдерінің мемлекетаралық стандарттары – ГОСТ (бұл негізінен әлі күнге дейін қолданылып келе жатқан бұрынғы КСРО стандарттары, егер олар Қазақстан Республикасының заңына және техника мен ғылымның дамуына қайшы келмесе қолданылады);